

Білімі-танымдық журнал

қазақ тілі Оқимыз Жаттығамыз

1|61|2022



Республикалық «Зерде» конкурсының жеңімпазы.

2022 жылғы 10 ақпан күні Щучинск қаласында 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының XVII Республикалық «Зерде» конкурсы өтті.

Баянауыл ауданынан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінен 4-сынып оқушысы Жәнібек Марат робототехникадан Бас жүлдені жеңіп алды.

Жетекшісі физика, информатика, робототехника пәнінің мұғалімі Аскар Хамзаұлы Аюпов. Оқушылары облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде ерекше жүлделерге ие болуда. Оқушымыздың жетістігі құтты болсын!

Данияр Хамзаұлы Аюпов,
білім беру бөлімінің басшысы.